

Жер участеклеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Қазақстан ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 14 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағы 6) тармақшасына сәйкес, Қазақстан ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Железин ауданы Қазақстан ауылдық округінің Жана Жұлдыз ауылының аумағында жер пайдаланушылардан жер участеклері алынбай қауымдық сервитут белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан ауылдық округінің әкімі

P. Тогайбаев

Қазақстан ауылдық
округі әкімінің 2021 жылғы
"13" желтоқсандағы
қосымша

P/c №	Пайдалануши	Ауданы , гектар	Нысалы мақсаты	Пайдалану Мерзімі (жер телімінің орналасқан жері жыл)	
1	"Қазақтелеком" акционерлік қоғамы	0,0872	Кабельді кәрізді орналастыру және қызмет көрсету үшін	10	Железин ауданы, Қазақстан ауылдық округі, Жана Жұлдыз ауылы